

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 30 (882) 8 шілде, 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ҚҰРБАН АЙТ – ҚҰТТЫ МЕРЕКЕ!

Дінімізде бұл мерекенің алар орны ерекше. Биыл құрбан айт намазы Солтүстік Қазақстан облысының барлық мешіттерінд таңғы сағат 07:00 де оқылады. Асыл дінімізде дәріптелген діни дәстүр ғасырлар бойы халқымыздың қанына сіңіп, Ұлы дала төсіндегі ұлық мерекеге айналды. Құрбандық – үлкен тарих, ұлы ғибадат. Құрбан айт мерекесі тарихының тамыры сонау Ибраһим (ғ.с.) пайғамбар заманынан бастау алады. Құрбан шалу – пайғамбарлар атасы Ибраһимнің (ғ.с.) сүннеті. Алайда, құрбандық дәстүр кейінгі мұсылман үмбетке де мұра болып қалды.

Сондай-ақ, мейрамның аты айтып тұрғандай, Алланың разылығы үшін жүрегі ізгі жандар құрбандық малдарын сойып, етінен тұрмысы төмен отбасыларға таратады. Мүмкіндігінше садақасын да мұқтаж жандарға береді.

Факир бин Саъд (р.а.): «Алла елшісі (с.ғ.с.) ораза, құрбан айт және арапа күндері ғұсыл құйылатын» Ибн Мәжә, – десе, ал Хасан бин Әли (р.а.): «Бізге Алла елшісі айт күні ең жақсы иіссуды себүді бұйырған еді» Мустадрак, – дейді. Бұл хадистер күллі мұсылманды айт күндері жан мен тән тазалығының үйлесімді болуына үндейді. Өйткені, бұл – мереке күні. Мейрамның нышаны сезіліп тұруы тиіс.

Құрбандық шалған ең бірінші, Құрбан шалынатын жердің таза болуына көңіл бөлуі тиіс. Малды соятын жерге ұрмай-соқпай апарып, оны құбылаға қаратып, сол жағымен жатқызылады. Сосын «Иә, Алла Тағалам, Ибраһим мен Мұхаммед пайғамбарлардан қабыл алғаныңдай менің де құрбандығымды қабыл ала ғар!» деп бата жасалады. Сосын «Аллаһу акбар!» және «Лә иләһа иллаллаһ» деп айтылып тұрады. Құрбан шалатын адам малды қинамай жұмсақ бауыздауға көңіл бөлуі керек. Малдың көзінше пышақты жалаңдатып қайрауға болмайды. Пышақ өткір болуы тиіс. Өйткені, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.): «... Құрбан шалатын адам пышағын жақсылап қайрасын, малды қинамай жұмсақ бауыздасын», – деген хадисі бар. Міне, мұның өзі асыл дініміздің адам тұрмақ, малдың өзіне жәбір көрсетпеу керек екенін ұқтырып отырған жоқ па?!

Кез келген мал құрбандыққа жарамайды. Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйе малының еркектері де, ұрғашылары да жарамды. Қой мен ешкі төлінің ең кемі бір жасар болуы қажет. Дегенмен, алты айлық қозы бір жасар қой секілді ірі, қоңды болса құрбандыққа жарамды. Ал, ешкінің міндетті түрде бір жасқа толған болуы қажет. Сиыр екі жасқа, түйе бес жасқа толғанда құрбандыққа шалуға болады. Сондай-ақ, құрбандық малының дені сау, етті және дене мүшелері түгел болуы керек. Оның бойында құрбандық ретінде шалуға кедергі келтіретін кемшіліктер болмауы қажет. Мәселен, құрбан малының екі немесе бір көзінің соқыр, бауыздалатын жерге өздігінен жүріп бара алмайтындай әлсіз, екі құлағының не бір құлағының басым бөлігінің жоқ болуы секілді кемшіліктері табылса, жарамсыз болып табылады.

Адам құрбандықты өз қолымен бауыздағаны абзал. Өйткені, бұл – құлшылық амал. Сондықтан құрбандық ғибадатын өзі орындағаны жақсы. Мал бауыздай алмаған жағдайда қасапшының жанында тұрып, өз көзімен көргені дұрыс. Себебі, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) қызы Фатимаға (р.а.): «Құрбандығыңа куә бол. Өйткені, құрбандықтың ең алғаш тамған қанымен барлық қате-кемшілік кешіріледі» Байқани., – деген екен.

Құрбан айт – халықтың ынтымағын нығайтып, елдің ауызбіршілігін күшейте түсетін айтулы мереке. Бұл – Алла Тағаланың бізге тарту еткен мерекесі. Мұсылман баласының құлшылық амалдары жамағатпен және ауызбіршілікпен атқарылады. Құрбан айт – соның үлкен айғағы. Бұл мереке ісі мұсылманның бірлігі мен берекесін тағы да паш ете түседі.

Құран Кәрімде: «...Одан өздерің де жеңдер және мұқтажға да жегізіңдер», – деген аят бар.

Құрбандық етін үшке бөліп, таратады. Бір бөлігі өзіне қалады, екінші бөлігі ағайын-туыс, көршілерге беріледі, үшінші бөлігі көмекке мұқтаж кісілерге үлестіріледі. Мешіттерімізде жыл сайынғы қалыптасқан дәстүрге сай, құрбандық еті әлеуметтік аз қамтылған, көп балалы және жағдайы төмен отбасыларға таратылады.

Ал, құрбандық малы Құрбан айт намазынан кейінгі үш күн ішінде сойылады. Сүйікті пайғамбарымыз (с.ғ.с.) мерекенің басталуы мен құрбан шалудың уақытына қатысты: «Біздің бұл күнде алғашқы атқаратын ісіміз – намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбандық шалу. Кім де кім осылай етсе, біздің сүннетімізге ергені. Ал кім де кім бұдан бұрын құрбандығын шалатын болса, бұл құрбанының отбасына берілген еттен айырмашылығы жоқ. Мұның құрбан болуы мүмкін емес», – деген. Яғни, құрбандық сою кезінде осы жайттарға да көңіл бөлгеніміз дұрыс.

Алла Тағала барша мұсылман қауымының бұл күндері шалған құрбандықтарын қабылдыққа жазып, атқарған әрбір ізгі амал-әрекеттеріне сауаптан жазғай! Құрбан айт құтты болсын!

Зиятбек АХМЕТҰЛЫ,
Тайынша аудандық мешітінің Бас имамы.

* Жұмыс сапары

ОБЛЫС ӘКІМІ ҚҰМАР АҚСАҚАЛОВ ТАЙЫНША АУДАНЫНДА БОЛДЫ



Өткен аптада облыс әкімі Қ.Ақсақалов ауданымызда болып, Чкалов ауылдық округінің тұрғындарымен кездесті. Өңір басшысы аудан көлеміндегі жөнделіп жатқан жолдардың жағдайымен танысты, осы бағытта жауапты мекемелерге тиісті тапсырмалар берді. Осы жол бойындағы жұмыстардың орындалуы басты назарда болатынын ескертті. Жалпы облыс бойынша 5 жылға созылған ауқымды жоба биыл өз мәресіне жетеді деп күтілуде. Бұл -Ақжар, Уалихан, Тайынша аудандарының жолдары.Бүгінгі таңда Лавровка – Келлеровка – Тайынша – Чкалово бағытындағы жолды жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын.

«Көкшетау жолдары»жауапкершілігі шектеулі серіктестігі сол жолдардың 8 шақырымын қайтадан қалыптастыруда. Ескі жабындыны алып тастап, жаңадан асфальт төсеуде.Мердігер компания тамыз айында жөндеу жұмыстарын толық аяқтаймыз деп отыр.

Облыс әкімі «Агрофирма Эксимнан»ЖШС-не барып, егілген картоп, қызылша, сәбіз бен орамжапырақ,қияр мен қызанақтың өсіп келе жатқанын байқап көрді.Жалпы сол бау-бақша егетін жерлер бір шама уақыт қараусыз қалған. Сол жерлер қайтадан өңделіп,бау-бақша дақылдары егіліп, қазір қайтадан өнім бере бастаған. – Бұл жер өте құнарлы жер.Сондықтан еккен дақылдарымыздан жақсы өнім аламыз деп үміттенеміз.Алған өнімдерімізді жергілікті тұрғындар мен осы саладағы қыметкерлерімізге арзанға беретін боламыз,- дейді «Агрофирма Эксимнан»ЖШС-нің директоры Бауыржан Тасмағанбетов. Қазір бұл егістік алқабында 12 адам еңбек етеді.

Олар бау-бақша дақылдарының арамшөптерін жұлып, суаруға да көмектеседі. Өңір басшысы бау-бақшалардың санын көбейту қажеттігін айтты. Әсіресе, бұл жағдайда ауыл тұрғындары жұмыспен қамтамасыз етіледі, сонымен қатар, ол жердегі жұмысшылар арзан өніммен қамтамасыз етілетінін де тілге тиек етті.

Облыс әкімінің осы округ тұрғындарымен кездесуі барысында да біршама халықты толғандырып жүрген мәселелер қозғалды. Чкалов ауылындағы мәдениетҮйінің жағдайы сөз болды. Неше жылдан бері күрмеуі шешілмей келе жатқан мәдениет Үйінің құжаттарын ретке келтіріп,кейін қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстарын жүргізуге болатыны айтылды.Осы округтегі Петровка тұрғындары 252 бала білім алып жатқан білім ордасы соңғы 40 жылда күрделі жөндеуден өтпегенін облыс әкіміне айтып жеткізді.Бұл бағытта да көңілге қонымды жауап алынып,келесі жылғы жоспарға жөндеу жұмысы қосылатын болды.Халықтың, округ тұрғындарының тағы бір өзекті мәселесі округ орталығындағы дәрігерлік амбулаторияға аурухана мәртебесін беру болды.Егер солай болса, тұрғындар стационарда жатып ем қабылдауға болар еді. Бірақ, өкінішке орай бұл мәселе оң шешімін таппады.Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қ.Күсемісов мырзаның айтуынша адам саны аз болғандықтан аурухана болу-заңға қайшы.Қазір ол жерде 5 дәрігер еңбек атқарады. Күндізгі стационар ғана жұмыс істейтін болады деген қорытынды сөз тұрғындарға айтып, түсіндірілді.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

Астана күні - мемлекеттік мереке



Тайынша аудандық мәдениет Үйінде Елорда күніне арналған салтанатты шара өтті. Отанымыздың жүрегі, халқымыздың мақтанышына айналған еліміздің ең әсем қаласы Нұр-Сұлтан, туған күніңмен!

Жиналғандарды мерекемен аудан әкімінің орынбасары Гүлбаршын Бәтенова құттықтады. Осы мереке құрметіне байланысты өткен мерекелік іс – шарада бірқатар тайыншалықтар жоғары марапаттарға ие болды. Іс-шараның салтанатты бөлігінде Тайынша ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Г. К. Бәтенова 2021-2022 жылдардың қорытындысы бойынша мәслихат хатшылары арасындағы республикалық рейтингке сәйкес аудандық мәслихаттың хатшысы және «АМАНАТ» партиясының депутаты С. М. Бекшеновке «Үздік мәслихат хатшысы» номинациясы бойынша марапатты табыс етті. 2021-2022 жылдардың қорытындысы бойынша мәслихат депутаттарының арасындағы республикалық рейтингке сәйкес, қоғамда, әлеуметтік желілерде, ауданның іскерлік және қайырымдылық іс-шараларында «Үздік депутат» номинациясында белсенділігі үшін аудандық мәслихат депутаты Б. Л. Латиф марапатталды. Сонымен қатар, тайыншалық тағы басқа азаматтар да жоғары марапаттарға ие болды. Мерекелік іс-шарада тайыншалықтар облыстық филармонияның әнші-бишілерінің өнерін тамашалады. Мереке құтты болсын!



*Астанам! Ару қалам, асқақ ордан,
Қалың жұрт, қазағым қақпа болған.
Ту ұстап, тұлпар мінген бабаларым,
Бермеген ел намысын жатқа қолдан.
Бозоғым, бозбеткейлім, баққа оранған,
Тарихтың қойнауынан тапқан олжам.
Баянды бақытымның бастауындай,
Айналдың Астанаға аппақ арман...
Жар болып Жаббар Ие жалғыз гана,
Ғасырға аяқ бастық ал біз жаңа.
Сұрланып сырт айналған суық көздер
Қарайды әлі саған сәл қызгана.
Көш келді Қараөткелге өр тұлғалы,
Кеңесін ерлерімнің ел тыңдады.
Тұлғасы бой көтерді Хан Кененің
Жарасып жарқ-жұрқ еткен ер-тұрманы.
Ертеңің ұлтын сүйген ұлыңа сын,
Қашан да еркіндіктің құны басым.
Керліп кербез далам көсіледі,
Сезініп бостандықтың шұғыласын!
Қалқаман САРИН, ақын.*

АСТАНА — ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЕРІК – ЖІГЕРІНІҢ НЫШАНЫ

Астана — бұл кең даладағы жай қала ғана емес, саяси ерік-жігер көрінісінің нышаны. Бұл саяси батыл қадам. Астана шаңырағы әлі де болса биіктей түспек. Жаңа астананың келешегі бүгіндей XXI ғасырдың еншісінде жатыр. Ал оның ертеңгі еңсесін көтеретін бүгінгі жас жеткіншектеріміз.

Сарыарқаның сары белінде Қанжығалы қарт Бөгенбай елінде ұлан-байтақ қазақ жерінің қасиетті орталығында мемлекетіміздің жаңа астанасының бой көтеруі, жаңа бір мәдени-ғылыми нәм саяси-экономикалық алып ортаның, Отанымыздың күретамырына қан жүгіретін, жан бітіретін сәулетті, қуатты орданың дүниеге келуі, әлбетте, барша жақсылықтардың игіліктердің шоғырлануы. Тарихқа үңілсек, 1830 жылдың маусым айында Есіл өзені бойындағы Қараөткел тұсында Астана қаласының алғашқы іргетасы қаланды. 1832 жылы Ақмола ішкі округі ресми түрде жарияланып, оның округтік аға сұлтаны болып Қоңырқұлжа Құдаймендіұлы тағайындалды. Ал 1838 жылы Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсылық білдірген жергілікті халықтың көтеріліс деңгейін іле-шала Кенесары Қасымұлы Ақмола бекінісін алу үшін патша әскерлеріне қарсы алғаш шабуыл жасады. Сөздікке жүгініп, парсы түбірінен қазақша түсінігін іздейтін болсақ, **астана** — табалдырық, босаға, кіре беріс, сарайдың қақпасы, салтанатты орда есігі деген ұғымдарды білдірді. Парсыша үндестігі **астан** (асетан) деп келеді. Келе-келе қазақта жұрт бас қосар орын, халық жиналып ақылдасар жер, ел ағалары байлам-бәтуа айтар орталық мәніне ие болғанға ұқсайды. **Астана** жұртын айналған, Атына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан босам деп, келетін Исатайды арқаландырар жырында астана деп ауыл-аймақ, ел-жұртын айтқан. Шығыс халықтарының өмірінде бір кезде араб, парсы тілдерінің ықпалы Еуропа үшін латын, француз тілдері атқарған қызметпен барабар болды. Сондықтан қазақ тілінің бірқатар ғылыми, саяси, тұрмыстық ұғымдары әу баста осы тілдерден еншіленуі заңдылық. Алтын Орда тұсында билеушілер тағы орналасқан орталықтарыңыз парсының **сарай** сөзімен аталды. Сол кездегі Сарай-Батый, Сарай-Берке қалалары Еділ жағалауындағы осы есімдес хандар басқарған астаналарымыз еді. Яғни Батый мен Берке мемлекетінің орталығы екені тарихтан белгілі. Жайық бойындағы Сарайшық (яғни, кіші Сарай), Қырымдағы Бақшасарай, Балқандағы сарай (европалықтар Сараево дейді) — осының бәрі «сән-салтанаты асқан мекен» деген парсы сөзі.

Елімізді шыңғыс әулеті билеген заманда орталық деген мағына бірте-бірте моңғол мен түрік халықтарының әскери-әкімшілік аймағы ұғымын білдіретін **орда** сөзімен алмаса бастады. Оның соңғы жұрнағы — Бөкей хандығының астанасы болған, бүгінгі таңда атауы сақталған Орда қаласы. Парсы тілінде мекен, жер, ел дегенді білдіретін **стан** сөзі де бүгінгі Қазақстан аумағына сол тұста деген. Түркі тектес халықтардың киелі астанасы Түркістан аталуы, бір қиырымыздың Моғолстан екені бұған дәлел. Сол кездегі ғылыми-тарихи әдебиетте түркі халықтары мекендеген өлкеге орай **стан** түбірінің кеңінен қолданылуы нәтижесінде кейіннен қазақ тілінде астана сөзі қалыптасқан деген болжам қисынсыз көрінбес. Аудармалары сәл алшақтау болғанымен, **стан** мен **астана** (астан) түбірлерінің мағына ортақтығы бүгінгі парсы елінің өз мысалынан аңғарылып тұр. Иранда әкімшілік бөліністер **остан** аталып, аймақтарының дені Систан, Белужстан, Лорестан, Хузестан болып келеді. Сарай. Орда. Астана! Билік орталығын білдіретін осынау ежелгі атауларды қазақ халқы мәңгіге еншілеп, мағыналас ұғымда қолдануының өзі тарихтың тамаша сыйы емес пе! Сарайдың ордаға орын беруі ұлы оқиғаларға байланысты үрдіс. Ал орданың кешегі жиырмасыншы жылдары астана мағынасына айналуы тым тез — бір жылда, тіпті бір күнде болған оқиға деген болжамға батылдық жасағалы отырмыз.

1925 жылдың сәуірінде Қазақстанның орталығын Орынбордан Ақмешітке көшіртуралы шешім қабылданды. Орынбор алты жыл бойы әуелі Қазревкомның, кейіннен Қазақ АССР-інің үкімет органдары орналасқан қала болғанымен, ел астанасы деп ресми атала қойған жоқ. Сол кездің құжаттарынан, баспасөзі мен әдебиетінен астана деген атауды кездестіре қоймаймыз. Ал Ақмешітті Қазақ елінің шын орталығы ету жөнінде ұйғарым алынғанда, кеңестік республика астанасының атауында мешіт сөзінің тұруы сол кездің идеологиясымен үйлесе қоймағаны анық. Орталық ұғымындағы орда сөзінің кәдеге асқаны сонда. Революция символы қызыл сөзімен кірігіп, Қызылорда атаулы қала пайда болды. Алайда, бір қиындығы ендігі жерде «Қазақстанның ордасы Қызылорда» деген қосарлы тіркес тұрақты қолданылуы тиіс еді. Орталық ұғымына синоним боларлықтай туыс сөз қажет еді. Зиялы азаматтар осылайша халық жадында, жыр-толғауларда айтылатын

ежелгі астана сөзіне таңдау жасағаны аңғарылады. Жаңа ұғымның жұртқа әлі тосын екені Бейімбет Майлиннің 1925 жылдың 8 маусымында жазған «Астана» өлеңінен де аңғарылып тұр.

1929 жылы астана Алматыға қоныс аударғанда Илияс Жансүгіров «Жаңа астана» атты очерк жазып: «Алматыға Қазақстан орталығы көшіп келді. Алматы — астана болды. Қазақстан ортасы — ордасына орнықты. Қазақстан еңбекшілерінің ұйтқысы — **орталық**, өкімет мекемелері басты ұйымдар жаңа қонысына ірге тепті» деп қуанды. Қазақстан орталығы, Қазақстан ортасы, ордасы деген түсініктерді Илияс та астана сөзімен жарыстыра қолданады. Бір кездегі **сарай, орда, астана** сөздерінің елдің қоғамдық саяси өміріне, тарихи кезеңдеріне байланысты мәні, атқарар жүгі алмасып отырған тәжірибеге сүйенсек, астана енді қала атауына түпкілікті ауысып, ол ұғымның қызметін басқа балама атқаруы тиіс. Мыңжылдық қолданбасы бар, бір кездерде осы мағынаны білдірген орда атауының **елорда** түрінде қайта оралуы бүгінгі Астанамызға шартты құбылыс. Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру тәуелсіз мемлекеттің алғашқы стратегиялық шешімдердің қатарында тұр. Бұл мәселені Тұңғыш Президент Н. Назарбаев тұңғыш рет 1992 жылы көтерген болатын. Жоғарғы кеңестің елорданы көшіру туралы шешімі елдің аса маңызды оқиғалары хронологиясында 1994 жылғы 6 шілде болып белгіленді. 1998 жылғы

6 мамырға дейін Ақмола деп аталған Астана, Президенттің Жарлығымен 1997 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасының елордасы деп жарияланды. 1998 жылғы 10 шілдеде Қазақстанның жаңа елордасы — Астананың халықаралық тұсауы кесілді. 1999 жылы Астанаға ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» деген наградасы берілді. Бұл атақ қысқа мерзім ішінде әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуда неғұрлым әсерлі әрі қуатты өсуге, тұрақты этникааралық қатынасты орнықтыруға қол жеткізе алған ғаламшардың жаңа қалаларына беріледі. Бразилияда өткізілген бұл конкурста, Астана барлық өлшемдер бойынша әлемнің әр түрлі елдерінің он екі қаласын басып озды. Астана өте серпінді дамуда. Елорда көшірілген кезден бастап қала экономикасына салынған инвестиция көлемі 3,5 млрд. доллардан асты. 2007 жылға дейін Астананың құрылысына 238,6 миллиард теңге көлемінде қаражат жұмсау жоспарлануда. Астананың ойдағыдай дамып келе жатқанының белгілерін оның халқының жедел өсуінен байқауға болады. Елорданы көшіру жарияланған жылы мұнда не барі 225 мың адам тұратын. 2004 жылы елорда тұрғындарының саны екі есе өсіп, жарты миллионнан асып кетті. 1998 жылы Астана еркін экономикалық аймақтың WEPСА халықаралық қауымдастығына кірді. Әлемнің 15 қаласы Қазақстан елордасының бауырлас қалалары болып табылады, олардың арасында Мәскеу, Берлин, Будапешт, Варшава, Минск, Киев, Анкара, Рига, Бангкок және басқалары бар. Бүгінде Астана тәуелсіз Қазақстанның елордасы ретінде әлемнің саяси картасында берік орнықты. Қазақстан егемендік алғалы бері бірінші рет астанасының орнын ауыстыруда тұрғылықты халықтың мүддесін ескере отырып, дербес шешім қабылдады. Осы іспеттес оқиғалар өмірдің өзі халық пен үкіметінен маңызды шешім қабылдауын талап еткен жағдайларда іске асып жатады. Ресей, Нидерландия Германия, Пәкстан, Түркия, Бразилия және тағы басқа елдердің астана ауыстырудағы тәжірибелерін мысал ретінде келтіруге болады. Ұлы Ататүріктің жаңа демократиялық Түркия астанасын елдің орталығы Анкара қаласына ауыстыруы тегін шешім емес. Осман империясының құлаған әкімшілік орталығы Ыстамбұл сол бір тарихи кезеңде жаңа талапқа сай келмей, бұрынғы режимнің қайта орнау қаупін туғызды. Болашақ астана ретінде Анкара қаласы түрік мемлекетінің негізін қалап, ғасырлар бойы ұлт бірлігін сақтап келеді және әкімшілік орталық ретінде түрік туын асқақтатуда. Сол кездегі дана Ататүрік шешімінің ұлт мүддесіне сай келетін тарихтың өзі дәлелдеді. Өткен ғасырда Ресейдің динамикалық түрде дамуын Петр I-дің империя астанасын Нева жағалауына орналастыру туралы шешімінсіз көзге елестету қиынға соғар еді. Сол уақыттағы қала салуға кедергі келтіретін табиғи жағдайлардың қиындығына қарамастан, ел астанасы салынып бітті. Ұлы реформатор «Еуропаға терезе аша» отырып, елдің ұзақ уақытқа гүлденуі мен өркендеуінің бағыт-бағдарын анықтады. Петербург мемлекет астанасының тарихи миссиясын орындап, қазіргі кезде тек Ресейдің ғана емес, Еуропаның, тіпті бүкіл әлемнің экономикалық мәдени және ғылыми орталығы болып табылады. Әрине, астананы ауыстыру жөніндегі әлемдік тәжірибелерді айта берсек, көптеген мысалдар келтіруге болады. Түркі-моңғол дүниесі саяси орталыққа ат беруде ерекше ұстамдылық танытқан. Саяси үстемдік құмарлықты білдіретін немесе мемлекет

пен билікшіні мадақтайтын дәріптемелік сипаттамалар атымен ұшыраспайды. Көбіне-көп оның мемлекеттің саяси орталығы екендігін білдірумен ғана шектелген. Қарақорым — әскери қосын қонатын орын. Ұрға — әскер басының ордасы тұратын тұрақ. Сарай — билік мекемесі орналасқан жәй. Олар бұл қағиданы өздері үстемдік еткен кеңестің де кеңінен дарыта білген. Мәселен, Пекинді моңғолдар Ханбалгат (патша қала) деп атаса, қытайлар Бэйцзин — солтүстік астана, ал Нанкинді Нанцзин — оңтүстік астана деп атаған. Жапондар да ескі астанасын Киото — батыс астана, жаңа астанасын Токио — шығыс астана деп атаған. Бұл батыс елдеріне тән дәстүр. Славян дүниесі Византия астанасы Константинопольді Царь-град — патша қала атаған. Кингстон — король тұратын қала атауы соған куә. Сондықтан жаңа саяси орталығымызды жәй ғана Астана атауымыздың тарихи дәстүрлерімен қай тұрғыдан келсек те, терең қабысады. Өткен ғасырларда астананың орнын ауыстыру тек қана сол кездегі жауапкершілік себептерге байланысты болса, ал XX ғасырдың ортасынан бастап геосаясатқа, экологияға, демографияға қатысты басқа бағыт алды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекеттің астанасын Ақмолаға көшіру туралы Жарлығын шет ел басшылары түсіністікпен қабылдап, геосаяси мәнге ие деп бағалауда. Еуразия құрлығының дәл «жүрегіңде» орналасқан Астананың XXI ғасырда халықаралық саясаттағы маңызды орталыққа айналу мүмкіншілігі бар. Жаңа астананың Алматы қаласына қарағанда көркеюі үшін өндірістік объектілер, әлеуметтік инфрақұрылымдар, әуежайлар, әлемдік деңгейдегі офистер және қонақүйлер салу жағынан көптеген перспективалық артықшылықтары бар. Еліміздің астанасын көшіру халықаралық байланысты тереңдетуге үлкен септігін тигізбек. Мемлекет астанасының орналасу орны болашақта жолаушылар және жүк тасымалдаудың, сонымен қоса телекоммуникацияның, үлкен халықаралық транзитті жолдар торабының түйісетін орталығы болмақ. Атап айтқанда, кіндік қала Еуропа елдерін Азия Тынық мұхит аймағының жылдам дамумен келе жатқан аудандарымен тез және сенімді түрде байланыстырады. Бас қаланың Астана деген атауына келетін болсақ, оның біршене негіздері бойынша артықшылығы бар. Атап айтқанда, оның бір ғана түсіндірмесі бар және де бұл сөз нақты айшықталған мәнге ие. Астана атауы ешқандай да келеңсіз саяси немесе тарихи ұғындыруларға салынбаған. Жаңа атау құлаққа жағымды естіледі және графикалық тұрғыда мемлекеттік тілде де, сондай-ақ негізгі халықаралық тілдерде де сәтті көрінеді, оның үстіне естілу әуезі іс жүзінде ешқандай өзгеріске ұшырамайды. Қазақстанның территориялық бөлінбейтін біртұтастығы Ата Заңда бекітілген. Қазіргі егеменді еліміздің шекарасы республиканың қауіпсіздік кепілі болып табылатынын бүкіл әлемдік қауымдастық таныған. Қазақстан астанасының көшуі республикадағы этникалық ахуалды нығайтуға және біздің елдің халықаралық ынтымақтастықтың белсенді мүшесі болуға бағытталған.

Заң Қазақстан Республикасы астанасының құқықтық мәртебесін, жұмыс істеуінің ұйымдық-саясатын және экономикалық негіздерін айқындайды.

1-бап. Қазақстан Республикасының астанасы

1. Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының астанасы — мемлекеттің әкімшілік саяси орталығы, Қазақстан Республикасы Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің Конституциялық кеңесінің, Жоғарғы сотының, Бас прокуратурасының және орталық атқарушы органдарының орналасқан жері.

3. Жекелеген орталық атқарушы органдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы астанасынан тыс жерлерде орналасуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы және Мемлекеттік елтаңбасының эталондары және Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекет астанасындағы резиденциясында сақталады.

Ерекше айтатын бір жәйт: бұлардың бәрінде де мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп, мамандар, тіпті көшедегі қарапайым адамдар өз ана тілімізде қазақша сөйлей бастады. Бұл да жаңа Астанадағы жақсы жетістіктердің бірі. Жаңа, тәуелсіз Қазақстанды бейнелейтін жаңа елордамен қазақстандықтардың барлық ұрпақтарының арманы мен үміті астасып жатыр. Астана, бір жағынан, жаңа Қазақстанның мақтанышына, екінші жағынан — ұлттық идеяны орнықтырудың және елді біріктірудің нышанына айналды. Ол елдің орталығында, тарихи кезеңдерде Еуропа мен Азияның транзиттік күретамырын байланыстырған, дамыған индустриялық өңірде орналасқан.

ЕКІНШІ СЕССИЯ: МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР МЕН МАЗМҰНДЫ ЗАҢНАМАЛАР

Парламенттің бірлескен отырысы өтіп, депутаттар жазғы демалысқа кетті. Жиын барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ-ның миссияларына қатысу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бітімгершілік контингентін жіберу туралы ұсынысы қаралды. Сондай-ақ жетінші сайланған Парламенттің екінші сессиясының жұмысын аяқтау мәселесін талқылады.

Конституцияның 53-бабының 5-тармақшасына сәйкес Президент ұсынысы бойынша Парламент палаталарының бірлескен отырысында халықаралық міндеттемелерді орындау үшін республиканың Қарулы Күштерін пайдалану туралы шешім қабылдайды. Осыған байланысты Мемлекет басшысының үндеуін Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов оқып берді.

«Қазіргі уақытқа дейін Қарулы Күштердің әскери қызметшілері Парламент қаулыларына сәйкес бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық міндеттемені орындау үшін БҰҰ-ның бітімгершілік миссияларына жіберіліп отырды. 2014 жылдан бастап 45 офицер Батыс Сахарадағы, Кот-д'Ивуардағы, Ливандағы миссияға әскери байқаушы және штаб офицері ретінде, 2018 жылдан бастап 520 әскери қызметші бітімгершілік бөлімше құрамында «Ливандағы уақытша күштер» миссиясына қатысты», делінген Президент үндеуінде. Мемлекет басшысы өз ұсынысында өңірде және әлемде болып жатқан соңғы оқиғалар қауіпсіздікке төнетін сын-қатерді жоққа шығармайтынын атап өткен. Осыған байланысты әскердің жауынгерлік әзірлігін одан әрі нығайту, қазіргі сын-қатерге қарсы әрекет етуде тәжірибе жинақтау мәселесі өзекті екеніне тоқталған.

«Ұйым Жарғысының жетінші тарауына сәйкес Қарулы Күштердің Орталық Африкада, Конго Демократиялық Республикасында, Малиде бітімгершілік миссияға қатысуын кеңейтуді орынды деп санаймын. Қазақстан штаб офицері, әскери байқаушы ретінде қазіргі уақытта миссияда анағұрлым тапшы болып табылатын жаяу әскер, медициналық, барлау, инженерлік, әскери полиция бөлімшесін бөлуге дайын. Бұл тәжірибе әскеріміздің жауынгерлік даярлығын жетілдіру, оларды одан әрі дамыту бойынша ұсыныс дайындау үшін қолданылады. Бүгін бітімгершілік миссияны қысқарту аясында бітімгершілік күштерін бөлетін елдер арасында бәсекелестік артады. Осыған орай, нақты бөлімше, Ұйым миссиясы, оны өрістету мерзімі Ұйымның Хатшылығымен жұмыс нәтижесінде айқындалады. Сонымен қатар әрбір жеке өрістету үшін тиісті нормативтік база жасалады. Осының негізінде Конституцияның 53-бабына сәйкес бітімгершілік контингент – жалпы саны 430 әскери қызметшіні Орталық Африкадағы тұрақтандыру жөніндегі миссияға, Конго Демократиялық Республикасындағы тұрақтандыру жөніндегі миссияға, Малидегі тұрақтандыру жөніндегі миссияға, «Ливандағы уақытша күштер» миссиясына жіберу туралы ұсыныс енгіземін», делінген үндеуде. Талқылаудан кейін бірлескен отырысқа қатысқан депутаттар Президент ұсынысын қабылдады. Бұдан кейін Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов жетінші сайланған Парламенттің екінші сессиясын жабу және парламенттік каникул туралы баяндама жасады.

«Өткен кезеңде Парламенттің қызметі белгілі оқиғалар мен маңызды шешімдерге толы болды. Біріншіден, биылғы сессия ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында өтті. Бұл еліміздің басты мемлекеттік мерекесі ғана емес, барша қазақстандықты біріктіретін ұлттық тарихи маңызды кезең.

Екіншіден, Тәуелсіздіктің 30 жылдығындағы маңызды кезеңдердің бірі – Парламенттің 25 жылдық мерейтойы. Парламенттің қалыптасуы мен дамуы егемен Қазақстанның тағдырымен тығыз байланысты. Үшіншіден, ел дамуындағы жаңа кезеңнің басталуын білдіретін Конституцияға түзетулер жөніндегі республикалық референдум болды. Парламенттің осы сессиясы барша қазақстандық қоғам үшін айрықша жауапты кезеңде өтті.

Ең алдымен, біз екі жылға созылған коронавирус пандемиясын еңсеріп қана қоймай, ортақ күш-жігеріміздің арқасында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткіздік. Денсаулық сақтау жүйесіндегі тәсілдер

өзгертілді, білім беру саласында оқытудың жаңа стандарттары енгізілді, бизнестің, банк және қаржы құрылымдарының, қызмет көрсету және көлік саласының жұмыс форматы өзгерді. Коронавирус пандемиясы кезеңіндегі шектеу шаралары Парламенттің қызметіне де өз ерекшелігін енгізді», деді Е.Қошанов.

Мәжіліс Төрағасы қаңтарда еліміз үлкен қатерден өткенін, мұндай оқиға мемлекетіміздің жаңа тарихында бұрын-соңды кездеспегенін атап өтті. Соған сай дер кезінде және жедел әрекет ету қажет болғанына тоқталды. Мәжіліс Төрағасы екінші сессияның болғанына тоқталды. Мәселен, Парламент Палаталарының 4 бірлескен отырысы өтті. Мәжілістің 42 жалпы отырысы өтіп, онда 271 мәселе қаралды. Сенаттың 42 жалпы отырысы өтіп, онда 148 мәселе қаралды. Осы сессия кезінде қос Палатаның жұмысында 127 заң жобасы болды, оның 78-і қабылданды. Парламент қабылдаған заңдардың қазіргі уақытта 66-на Президент қол қойып, заң күшіне енді. Палата Спикері депутаттық корпус заң шығару қызметінде Мемлекет басшысының тапсырмалары мен ол ұсынған жүйелі реформаларды практикалық тұрғыдан іске асыруға басымдық бергенін жеткізді. Мәселен, мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық-саяси процестерге араласуын ынталандыратын нормалар, сондай-ақ депутаттық мандаттарды бөлу кезінде мүгедектігі бар адамдарға арналған квоталар сайлау және саяси партиялар туралы заңдарда қарастырылды.

«Қылмыстық саясатты ізгілендіру принциптерін басшылыққа ала отырып, азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамдарға рақымшылық жасалды. Тиісті тетіктер Тәуелсіздіктің 30 жылдығына байланысты «Рақымшылық жасау туралы» заңда бекітілді. Президенттің тапсырмаларын орындау үшін құқық қорғау органдарының, прокуратураның және соттың өкілеттіктері мен жауапкершілігінің ара-жігін ажырататын қылмыстық процестік заңнаманың үш буынды моделі енгізілді. Осы реформаның нәтижесінде жыл басынан бері ғана прокурорлар 590 қылмыстық істі қысқартып, 1800-ден астам адамды айғақтар жеткіліксіз болғандықтан қылмыстық іс аясына тартуға жол берілген жоқ. Қазақстанның ұлттық заңнаманы үйлестіру туралы халықаралық міндеттемесі өлім жазасының күшін жою мәселесі жөніндегі заңда көрініс тапты. Депутаттар құқық қорғау органдарын реформалаудың нормативтік базасын қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастырды. Осыған орай, құқық қорғау қызметін өткеру, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін әлеуметтік қорғау мәселелері реттелді», деді Мәжіліс Төрағасы. Мемлекеттік сатып алу мәселелері жөніндегі заңда ғылым саласы мен жетекші ғалымдардың жалақысын гранттық қаржыландыру тетіктері бекітілді. Сонымен қатар Қазақстанның биологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері де алғаш рет заңнамалық тұрғыдан реттелді. Е.Қошанов сессия барысында заң шығарушылар әлеуметтік саланы үнемі басты назарда ұстағанына екпін берді. Мәселен, азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі заң қабылданды.

Мәжіліс Төрағасы депутаттар сайлаушылармен байланысқа баса көңіл бөлгенін атап өтті. Халықпен кездесулер барысында көтерілген проблемалық мәселелер мемлекеттік органдардың атына жолданған көптеген депутаттық сауалға негіз болған. Қоғамды толғандырып жүрген сұрақтарға толыққанды жауап алу мақсатында Парламент қабырғасында сайлаушылардың көкейкесті проблемаларын шешу барысы туралы Үкімет мүшелерінің жауабы тыңдалды.

«Өзекті мәселелер туындаған жағдайда депутаттардың шұғыл түрде өңірлерге шығуын практикаға енгіздік. Мәселелерден шет қалмай, әрдайым оларды шешудің алдыңғы шебінде болуымыз керек. Елдің талап-тілектерін ескере отырып, «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобы Бас Прокурорға қаңтар трагедиясының тергелу барысы жөнінде егжей-тегжей ақпарат беру туралы депутаттық сауал жолдады. Мәжілістің жалпы отырысында біз тергеудің алдын ала қорытындылары туралы құқық қорғау органдарының

ақпаратын тыңдадық. Отырысқа Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және белгілі құқық қорғаушылар шақырылды. Барлығы ашық режимде өтті. Онда қоғамды толғандырып жүрген мәселелерге жауап берілді», - деді Е.Қошанов.

Палата Спикері сессия кезінде көптеген келелі мәселе депутаттық сауалдарда айтылғанын жеткізді. Сондай-ақ өткір тақырыпта парламенттік тыңдау өткеніне тоқталып, Мәжілістің жанынан Қоғамдық палата құрылғанын атап өтті.

Депутаттық корпусының Үкіметпен тығыз байланыста жұмыс атқарғанын атап өткен Е.Қошанов сессия барысында 14 үкімет сағаты өткізілгенін, әйтсе де, заң шығару процесіне теріс әсер ететін жекелеген кемшіліктер бар екенін жеткізді.

«Жүйелі кемшіліктердің бірі – дұрыс жоспарламау, заң жобаларының жеткілікті пысықталмауы және дайын болмауы. Үкіметтің көбінесе мерзім жақындаған кезде белсенділігі арта бастайды. Мұны, әдетте, жылдың немесе сессияның соңында байқауға болады. Парламент қабырғасында заң жобаларының көптеген нормасын қайта өңдеп шығу, жекелеген нормалар бойынша Үкімет мүшелерінің нақты ұстанымының болмау үрдісі қалыптасты. Мысалы, денсаулық туралы кодекстің бір нормасы тек бірінші жартыжылдық ішінде қарама-қарсы позицияда екі рет түбегейлі өзгерді. Қаңтар айында елімізде тіркелген дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды шекті бағасыз сатып алуға және бірлесіп төлеуге жол берілмейді деген норма қабылданды. Бірақ маусым айында бұл норма қайта алып тасталды. Екі жағдайда да өзгерістің қажеттілігі халықтың дәрі-дәрмексіз қалуы мүмкін деген уәжбен түсіндірілді.

Мұндай фактілер бірлі-жарым емес. Қаралып жатқан заң жобаларына өзгерістер толассыз енгізіледі, олардың ішінде жобаның тұжырымдамасына сай келмейтін түзетулер де бар. Соның салдарынан заң жобасының бастапқы тұжырымдамасы айтарлықтай өзгереді. Министрлер депутаттар арқылы өздерінің «жанып тұрған» мәселелерін шешіп қалғысы келетін жағдайлар да бар», деді Е.Қошанов.

Палата Спикері мұндай мәселе Мәжілісте де, Сенатта да қаралу сатысында кездесетінін атап өтті. Осының салдарынан Мәжіліс мақұлдаған заң жобасын Сенат түзетулермен қайтаруға мәжбүр. Көп жағдайда бұл жаңа түзетулер Мәжілісте ұсынылмаған және талқыланбаған нормалар болып келеді. Заң жобаларын сапасыз дайындау және сараптамаларды уақтылы жүргізбеу Мемлекет басшысы алға қойған міндеттерді іске асыруға кедергі келтіруі мүмкін.

«Депутаттардың түзетулеріне қорытындылардың уақтылы берілмеуі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Мысалы, бала құқықтарын қорғау жөніндегі заң жобасы бойынша Үкіметтің жауабы 5 айдан кейін келді. Соның салдарынан бұл заң Мәжіліске енгізілгеннен кейін екі жыл өткен соң ғана қабылданды.

Заң жобаларын Парламенттің қос Палатасында таныстыру кезінде жекелеген министрліктер мен ведомстволар баяндамашыларының дайындығы жеткіліксіз болатын жағдайлар да кездеседі. Заң жобалары мен сараптамалардың сапасын бағалау алдағы уақытта да Парламенттің ерекше бақылауында болады. Депутаттық корпусының өздерінің сауалдарына берілетін жауаптардың сапасына да көңілі толмай жатады. Сауалдарда біз, ең алдымен, сайлаушыларымыздың тілектері мен аманаттарын көтеретінімізді түсіну керек. Оған Үкімет пен басқа да мемлекеттік органдардан стандартты, сырғытпа жауаптар келеді.

Сондықтан мемлекеттік органдардың депутаттық сауалдарға ауызша жауап беруін практикаға енгіздік. Алдағы уақытта депутаттар корпусы мен Үкімет мүшелері заң сапасын арттыруда жүйелі жұмысты жолға қоюға бірлесіп атсалысуы керек», - деді Е.Қошанов.

(«Egemen Qazaqstan», 1 шілде 2022 жыл).

* Мұны білген жөн!

* Рухани жаңғыру

ҚАЗАҚТЫҢ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРЫ

Адамның жасына байланысты атаулар

- 1 жасқа дейін – шақалақ, нәресте
- 1 жастан 2 жасқа дейін қыз бала – бөпе, ұл бала – бөбек
- 2 жастан 3 жасқа дейін – бүлдіршін
- 3 жастан 5 жасқа дейін – балдырған
- 6 жастан 7 жасқа дейін – сәби
- 8 жастан 12 жасқа дейін – ойын баласы
- 13 жастан 15 жасқа дейін – ересек бала
- 16 жастан 19 жасқа дейін – бозбала
- 20 мен 30 жас аралығы – жас жігіт
- 30 мен 40 жас аралығы – дүр жігіт
- 40 пен 50 жас аралығы – ер түлегі
- 50 мен 60 жас аралығы – жігіт ағасы
- 70 пен 80 жас аралығы – ақсақал
- 80 жастан жоғары – шал, қарт, қария

Мүшел жас

- 1-мүшел – 13 жас (ер жете бастау)
- 2-мүшел – 25 жас (жігіттік жас)
- 3-мүшел – 37 жас (ақыл тоқтау)
- 4-мүшел – 49 жас (орта жас)
- 5-мүшел – 61 жас (орта жас)
- 6-мүшел – 73 жас (қарттық)
- 7-мүшел – 85 жас (кәрілік)
- 8-мүшел – 97 жас (қалжырау)
- 9-мүшел – 109 жас (шөпшек сүю)
- 10-мүшел – 121 жас (немене сүю)

Ер адамның өз жұртының атаулары

- Ата – әкенің әкесі, бергі ата
- Арғы ата – атаның әкесі
- Әже – әкенің шешесі, үлкен әже
- Әке – өзінің туған әкесі
- Апа – өзінің туған шешесі (анасы)
- Әпке – өзінен жасы үлкен қыз (әйел)
- Қарындас – өзінен жолы кіші қыз (әйел)
- Аға – өзінен үлкен ұл бала
- Іні – өзінен кейінгі ұл бала
- Ағайын – бауырлас, аталас адамдар
- Баба – арғы ата, үлкен ата
- Жеңге – ағаның әйелі
- Келін – інінің әйелі
- Жиен – күйеуге шыққан әпкеден не қарындастан туған бала
- Жиеншар – жиеннен туған бала
- Жезде – әкесінің күйеуі
- Күйеу – қарындасының күйеуі
- Немере – ата-ананың ұлынан туған баласы
- Шөбере – немереден туған бала
- Шөпшек – шөбереден туған бала
- Немене – шөпшектен туған бала
- Туажат – неменеден туған бала
- Жүрежат – туажаттан туған бала
- Жегжат – жүрежаттан туған бала

Ер адамның нағашы жұртының атаулары

- Нағашы ата – шешенің әкесі
- Нағашы әже – шешенің шешесі
- Нағашы аға – шешенің аға-інілері
- Нағашы апа – шешенің апа-сіңлілері
- Нағашы іні – шешенің бауырларынан туған жасы кіші бала
- Нағашы қарындас – шешенің бауырларынан туған жасы кіші қыз
- Нағашы жеңге – шешенің апа-сіңлілері күйеуі
- Бөле – шешенің апасы не сіңлісінің ұл-қыздары

Ер адамның қайын жұртының атаулары

- Қайын ата – әйелінің әкесі
- Қайын ене – әйелінің шешесі
- Қайын аға – әйелінің ағасы
- Қайын бике – әйелінің әпкесі
- Қайын іні – әйелінің інісі
- Балдыз – әйелінің сіңлісі
- Бажа – әйелінің әпкесінің не сіңлісінің күйеуі

Әйел адамның қайын жұртының атаулары

- Қайын ата – күйеуінің атасы
- Қайын ене – күйеуінің шешесі
- Қайын аға – күйеуінің ағасы (жақын ағалары)
- Қайын бике – күйеуінің әпкесі (жақын әпкелері)
- Қайын іні – күйеуінің інісі (жақын інілері)
- Қайын сіңлі – күйеуінің қарындасы (жақын қарындастары)
- Абысын – қайын ағасының әйелі
- Ажын – қайын інісінің әйелі
- Жезде – қайын бикесінің күйеуі
- Күйеу – күйеуінің қарындасының жұбайы

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ АМАНАТЫ

1916 жылғы сергелдең Қанжығалы баласы үшін ұмытылмас тарихи оқиға болып қалды. Бұл жайында сол тұста Ерейменге санақ жұмысымен келген Сәкен Сейфуллин де өзінің «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында баса айтқанын білеміз. «... Бірте-бірте сатылап, алғашқыда айтқан Қанжығалының Ащылыкөл басындағы бірінші болысының ауылына келдік. Әбден еліріп атқа мініп алған ел. Гу-гу сөз. Топ-топ жиналыс. Жұрттың сөзі: «солдатқа қазақты алу» әңгімесі, қазақтың оған «бармауға тиісті» екендігі. Көңілдеріне қиғаш сөз айтқанды дұшпан деп біледі. Жұрт әбден көтерілген». Тарихи кезеңде Сілеті, Қоржынкөл, Ереймен болыстарының азаматтары Есіркеп Тоқан Хазіреттің ақ батасымен бес қаруы сай ақпатшаның жазалаушы әскерінен қайтықпай, ашық алаңда бетпе-бет кездесуге бел буады. Ереймендегі ұзаққа созылған, төрт айдан асқан теңсіз шайқаста талай боздақтар оққа ұшты. Жеті рудың төбе биі Нияз Зілқараның да айтқан сөзі жас азаматтарды жігерлендіріп, шешуші аяқаста ерлік жасауларына жол ашты.

Сол тұста Ереймен жұрты Атан батырдың ұрпағы Сәтбай қажыны хан сайлап, Нияз Бала-Сыздық Бейсенұлын бас қолбасшы, ал Молдажан мен Жанайдарды әскербасылары қылып сайлайды. Дегенмен, Молдажан батырдың білімділігі, әскери айлакерлігі және шеберлігі көптің аузында қалды. Оны кейіндері қызыл жүйенің жендеттері де көп аңдыды. Аңдаусызда қоршамақ болғанда ол талайдың сазайын беріп, берік қамалдарын бұзып кетіп отырды. Қудаланғаны сонша, Алтай жаққа да жасырын өтіп, сол жақта біраз тұрақтапты. Ел дүрліккен тұста белгілі зергерлер мен ұсталар, олардың ішінде Көдек, Рақым, Әбутәліп пен Бахрам тағы басқалары найза, қылыш, айбалта мен қанжар соғуды қолға алған екен. Осындай қызу дайындық жүріп жатқанда Арқаға белгілі діндар Тоқан Хазірет аяқастынан дүние салады. Марқұмның бұл жанкешті оқиғаны алдын ала сезгені болар, жүрегі тоқтап қалды дейтін біздің үйдің үлкендері. Ақмола мен Павлодардан келген жендеттер Алтын таудың сыртына келіп бекінеді. Бір жағынан атты әскер Қараағаштың маңайына топтасады. Алғашқы шайқас басталғанда Бала-Сыздық, Жанмолда бастаған атты сарбаздар лап қойып жазалаушы отрядтың зәрі-құтын қашырады. Қоян-қолтық айқас ұзаққа созылмаған. Себебі, арбаларға орнатылған пүлеметтер оқты қарша боратып, біраз адамдарды опат қылады. Молдажан мен Жанайдар батырлардың ерлігінің арқасында жаудың бірсыпыра атыс қарулары қолға түскен. Ескі шиті мылтықтар винтовкалармен ауыстырылып еркінсіп келген солдаттардың біразын сұлатып салады. Бұл шайқас Ереймен жұртына оңай болмады. Жуанадыр, Құсмұрын, Ақсонар тұсында жалаңтөс жауынгерлер мұздай қаруланған патшаның жазалаушы жендеттерімен бетпе-бет кездесіп, қиянқескі айқасқа түседі. Бұл оқиғаларды әжеміз Мәрия аузынан тастамай айтып отыратын. Ұрыс даласында талай адамдар, оның ішінде Қанжығалының Қармысынан тарайтын Малай батыр ұрпақтарының біразы шейіт болды. Қарша бораған пүлемет оғынан Ерейменге белгілі өнерпаздар, ағайынды: Қайрат, Ордабай, Баян Өсіптердің атасы Өсіп, бізге аталас боп келетін Қабыл, Молдияр, Асан деген кісілер ажал оғынан құтыла алмады.

Қаруы әлсіз елдің осынша қарсылық көрсетуінен сескенген ақпатшаның әскербасылары көмек сұратып, жаяу, сондай-ақ атты отрядтарды алдырған үстіне алдырды. Жазықсыз елді аяусыз шапқан жау Қоржынкөл болысының Бердібай, Қаймазар, Арғынбай ауылдарын өртеп, мал-мүлкін тонап, көптеген адамдарын атып өлтірген. Майкөлдің сыртындағы Қырымбеттің Махметінің, Өтеубайдың Хамзесінің ағаш үйлерін, сондай-ақ Тұман, Қазымбет ауылдарын түгелдей отқа орайды. Бұл туралы өзінің «Естеліктер» кітабында әкемнің туған бауыры Әлім Түгелбаев та жан-жақты деректер келтірген. Ол кісінің айтуынша, қарулы әскер Тұқпи Қараағашында бейкүнә 17 адамды ату жазасына бұйырып, мекендерін, орман-тоғайларды толықтай өртеп жіберген. Қылшар атаның ұландары: Әлібек, Бейсенбай, Бәймен, Тұрғынбай, Ахмет пен Бекіш есімді біраз жігіттер сол қаза тапқандар тізімінде бар. Бұл сергелдең қазақтар үшін үлкен жеңіліспен аяқталса да елдің рухын көтерген ұлы оқиға болып қалды.

Ақпатша әскері елді қанға, даланы өртке орап, қаруы әлсіз көтерілісшілерді жеңіп, сонау Белоруссия жеріне дейінгі майдан шебіне жеткізеді. Сонда болған бір әңгімені егде тартқан кісілер жиі еске алатын-ды. Ерейменнің атышұлы балуаны Иманғали Үлкенбаевтың өнеріне тәнті болған орыстар оны қайра-қайра күреске шақыра беріпті. Бойы зор, денесі ауыр сарбаздардың орта бойлы қазақ жігітінен қайта-қайта жеңілулерін ар санағаны сонша, балуанға маза бермеген екен. Бірақ, бірде-біреуі

оған үстемдігін жасай алмаған. Сондықтан, офицерлер батырдың күші мен шеберлігін мойындап, оған артық киім-кешек, тәтті тағамдарын ұсынып отырыпты. 1916 жылғы ереуілге белсене араласқан ұлы атамыз Әуелінің бір жазық даладағы соғыста атына оқ тиіп, ол омақаса құлағанда, сарбаздың аяғы шорт сынып кетеді. Содан бері сылтып басса да батыр бабамыз 100 жасқа таман ғұмыр кешті. Ағасы Әушақым ереуілге белсене қатысқаны үшін Ақмола түрмесінде біраз уақыт жапа шекті. Бұл арпалыста екі жақтан да жарақат алмаған кісі саусақпен санарлықтай болған. Ертеректе біздің атамыздың өмірін жақсы білген, қазақшаны еркін сөйлейтін Елизар Прохорович Степанов 1916 жылғы оқиғаға байланысты бір нақты деректерін айтып еді.

– Сен біліп қой. Ерейменге карательдер атты әскерін басқарып келген есаул Платонов деген жеңдет. Сондай-ақ, қырқүйек айында Томскіден жазалаушы отрядты Швейер бастап келді. Бұлардың қатыгездігін ауызбен айтып жеткізу қиын, – деп айтқаны ұмытылмастай есімде қалды. Ерейменнің бір тауы Кеңасу арқылы жүрген ақ гвардияшылар жолдағы орман-тоғайларды, тал-шіліктерді өртеп отырған. Олар мұсылмандықты пір тұтқан елдің көптеген ағаштан қиылған мешіттерін түп-тамырымен жойған. Осы қанды қырғынның қара күзінде дүниеге шыр етіп менің әкем Сәлкен Әуеліұлы келеді. Әжеміз Мәрия Әділқызы бүгінгі Бозтал ауылының жанындағы Жаманқара аталатын жерде (зират ішінде) босанады. Қара суықта мұз басқан сайын далада ұлы анамыз босанып жатқанда арба үстінде әкемнің екі ағасы мен апасы Жақай отырған. Сол қара суықта әкем туса, екі ағасы көп ұзамай дүние салады. Аумалы-төкпелі заманның бір ұмытылмас өкініші осы.

Қазақтың: «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген сөзі шындыққа жанасады. Зұлматы мен мекхнаты көп кезіккен өмірден әкем Сәлкен мойыған жоқ. Ол Отаны, ата-анасы, ағайын-туыстары алдындағы борышын толығынан өтеді. Әкесі 98, ал, шешесі 90-ға тақау өмір сүрді. Екеуін де шешем Құснимен бірге арулап өз қолдарынан қойды. Осы орайда бір ұмытылмас оқиғаны айта кетудің реті келіп тұр. Алпысыншы жылдардың ішінде дүние салған атамның жаназасына Алматыдан Қазақстанның сол кездегі бас дінбасшысы, заманында оның қанды көйлек жолдасы әрі жақын дос-жараны болған Сәкен қалпе келе қалды. Сүйекке түскен діндар адам сыртқа шыққасын: «Осы үйдің келіні кім?» дегенде, сасқалақтап қалған ағайындар қазан-ошақтың басында жүрген анам Құсниды жылдам алдына әкеледі. Атақты қари Сәкен қалпе қолын жайғызып, елдің алдында қарияны жақсы күткені үшін анамызға ақ батасын бергенін біздің етжақындар жақсы біледі. Сәкен қалпе Ерейменде туса да өмірінің біраз бөлігін Омбы, Ақмола мен Алматыда өткізді. Қанжығалы елін ол өзінің туғанындай көріп, 1916 жылғы көтеріліске де қатысты. Ғалым атаның мұрағатын оқысаңыз Ерейменге деген сағынышын, сыйластыққа толы сезімін сезесіз. Олжабай Нұралыұлы да оны ерекше өзіне бауыр тартса, балаң Сәкен де Ереймен елінің жұртына өле-өлгенше ықыласын көрсетіп өтті. Ашаршылық жылдары әкем Сәлкен Әуеліұлы Ерейменде жаңадан құрылған қой совхозында ата-анасымен бірге шопан болған. «Исаев» атындағы фермада жұмыс істеген балаң жігіт маңайындағыларға, сондай-ақ туған-туыстарына қамқорлықты молынан жасапты. Жалаң аяқ жүріп қоздаған саулықтарды жалпақ тастардың үстіне сауып, соны күннің көзінде жатып ұйыған кезінде, түнде жасырын барып жинап, арып-ашыққандарға таратып отырған. Алпысыншы жылдар ішінде Ақмолаға арнайы творчестволық ізгі ниетпен сапар жасаған қазақтың заңғар жазушысы Сәбит Мұқанов та, барлық ұсынылған аудандардан бас тартып, Ерейменге арнайы келгенін біздің елдің сол кезеңдегі жақсы мен жайсаңдары терең сезініп еді. Әңгімелескен адамдардың ішінде болған әкем Сәлкен бас қонақтың бар ынта-жігері қарт Сардар Бөгенбай батырдың ерлік жолдары, сосын Ереймендегі аты-шұлы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы мәліметтерге ауғанын айтып келгені әлі есімде.

Сонда халқымыздың ардақтысы Сәбит Мұқанов өзінің ұлы бабасы Қожаберген жыраудың Бөгенбай батырға көрсеткен сенімі мен берген батасын Мәшһүр Жүсіптің «Даналарға» деген өлеңі арқылы жатқа айтып беріпті. Ағам Әлім Түгелбаев өзінің «Естеліктер» атты кітабында Сәбит Мұқановтың айтқан сөздерін жақсы жеткізе білген. Ұлы жазушының бір аманатын: «... Бибатырлар мен әнші-серілер, шешендердің елі екенсіңдер, мол қазыналарыңды құрметтеңдер, сақтаңдар, ұрпаққа шырқын бұзбай жеткізудің қамын ойлаңдар. Күрделі оқиға болған жерлерге Белгі тас қойыңдар деп ақыл-кеңес беріп аттанды» деп жазған екен.

Жанат ТҮГЕЛБАЕВ, Қазақстанның Құрметті журналисі.

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» тарапынан берілетін мемлекеттік қызметтер туралы ХАБАРЛАМА

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тұрғындарды азаматтарға төмендегі мемлекеттік қызметтердің көрсетілгені жайында ақпараттандырады:

1) «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу», өтініштерді қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ және «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

2) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау», өтініштерді қабылдау кенттің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімі, халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы жүзеге асырылады;

3) «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау», өтініштерді қабылдау жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, кент, ауылдар, ауылдық округтердің әкімдері, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

4) «Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен адамдарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы жүзеге асырылады;

5) «Ақталған адамға куәлік беру», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады;

6) «Мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

7) «Мүгедектерді техникалық көмекші құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеуі, өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

8) «Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерді жеке көмекшінің қызметімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

9) «Мүгедектерді есту кемістігі бар мүгедектерге арналған ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу – жылына алпыс сағат», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

10) «Мүгедектерді арнайы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

11) «Мүгедектерді және мүгедек балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы, ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады;

12) «Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге құжаттарды ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

13) «Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттар ресімдеу», өтініштерді қабылдау мемлекеттік корпорация, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

14) Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын ақпаратты ұсыну «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

15) «Тұрғын үй көмегін тағайындау», өтініштерді қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы», «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады;

16) «Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат қағаз беру және оны ұзарту» «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы», «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

Қосымша кеңесті төмендегі мекен-жай және телефондары бойынша «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде алуға болады: Қазақстан Конституциясы көшесі, 203, телефон: 4-10-72, 2-16-73, сондай-ақ, көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы мәліметтер «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сайтында орналастырылған: www.ozsp-tsh.sqo.gov.kz

О.Г.НЕРОБА,
Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

*Көпшілік Назарына!

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ ХАБАРЛАЙДЫ!



Солтүстік Қазақстан облысында 60-қа жуық өзен, 2 мыңнан астам көл (2148) және жүз қазаншұңқыр (117) бар, бұл ретте ең қауіпті акваториялар Есіл өзені, Пестрое, Соленое, Лебяжье, Үлкен Торанғұл, Шалқар и Имантау көлдері болып табылады. Айта кету керек, соңғы 9 жылда суда ресми демалыс орындары болып табылатын облыстың су айдындарында адамдардың қаза болуы тіркелген жоқ (соңғы 9 жылда облыс бойынша 211 адам суға кетті, оның 33-і балалар).

Облыс әкімдігінің 2019 жылғы 17 сәуірдегі №97 Қаулысымен 12 көл мен Есіл өзенінде орналасқан су айдындарында 58 бұқаралық демалыс орны анықталды. Бұдан басқа, 2016 жылғы 20 маусымдағы №3/7 бекітілген Солтүстік Қазақстан облысының ортақ су пайдалану қағидаларында «ЖАО орнатпаған демалыс орындары СҚО су объектілерінде шомылуға, шағын көлемді кемелерде және басқа да жүзу құралдарында жүзуге тыйым салынған болып белгіленсін» деп көрсетілген. Осылайша, Солтүстік Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті біздің жерлестерімізге жүгінеді:

- бұл үшін қатаң бөлінген орындарда шомылыңыз;
- балаларды су қоймасына ересектердің қарауынсыз жібермеңіз;
- алкогольдік және есірткілік мас күйінде шомылмаңыз;
- жүзудің шекарасын белгілейтін буйкадан жүзбеңіз;
- су қоймаларын ластанбаңыз;
- жалған дабылды айқайламаңыз.

Жоғарыда аталған барлық ережелерді орындау Сіздің және жақындарыңыздың өмірі мен денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді!

Жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық актілермен СҚО ТЖД ресми сайтында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Әділет» Нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде танысуға болады.

СҚО бойынша ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасы.

* * * * *

СУДА САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Жаз мезгілі басталысымен адамдардың суда қайғылы жағдайға тап болуы көбіне таныс емес жерлерге шомылу, не болмаса баратын жеріне тез жету үшін судан кешіп өту, балықшылардың балық аулау кезінде қарапайым ережелерді сақтамауынан да орын алып жатады. Суда қайғылы жағдайға ұшырамас үшін қарапайым ережелерді сақтау керек, олар:

- тыйым салынған жерлерде шомылмау;
- өзіңізге таныс емес жерлерден кешіп өтпеу;
- шомылып жүрген балаларды қараусыз қалдырмау;
- шектеу қойылған белгілерден асып суға шомылуға болмайды, суға көпірлерден, жағалаудағы дамбалардан секіруге болмайды;
- ағысы қатты жерлерде болмаңыз;
- жалғыз өзіңіз шомылмаңыз;
- спирттік ішімдік ішіп, суға түспеңіз және қайыққа отырмаңыз;
- 14 жасқа дейінгі балаларға шомылу заттарын қолдануға рұқсат етпеңіз;
- қараусыз қалған және жарақсыз қайықтарды қолданбаңыз;

Сонымен қатар суға түсу кезінде аяқ-қолдың кенеттен құрысып қалуы жиі болып жатады. Егер қолыңыздың саусақтары құрысып қалса, жұдырық жасап, қолыңызды бір жаққа қарай бірден лақтырып, жұдырығыңызды ашыңыз. Балтыр бұлшық еті құрысқанда бүгіліп, қолыңызбен аяғыңыздың басын құшып, бар күшіңізбен өзіңізге қарай тартыңыз немесе аяғыңызды судың астында созып, аяғыңыздың бармақтарын балтырыңызға тигізуге тырысыңыз. Содан соң балтырыңызды сылаңыз. Санның бұлшық еті тырысқанда, аяғыңыздың сыртқы жағынан толарсақтан ұстаңыз және тізеніңізді бүгіп артқа қарай созыңыз. Содан кейін саныңыздың бұлшық етін сылаңыз.

СҚО бойынша ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасы.

* Алдыңғы толқын ағалар

САНСЫЗБАЙ АЛПЫСБАЕВ-ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕР!

Шілденің екінші жұлдызында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының «Алабота» асыл тұқымды мал заводында осы шаруашылықтың бұрынғы басшысы, Құрмет орденді Сансызбай Алпысбаевқа құрмет көрсетілді.

Шаруашылық кеңесінің мәжіліс залына жиналған алқа қотан ел алдында Солтүстік Қазақстан облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ескендір Елеусізов ауыл шаруашылығының ірі ұйымдастырушысы Сансызбай Алпысбаевқа Қазақстан Республикасы ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігінің «ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕР» төс белгісі мен куәлігін тапсырды.

Сансызбай Алпысбаев бар саналы ғұмырын ауыл шаруашылығы саласына арнады. Бөлімше агрономы, шаруашылықтың бас агрономы сияқты жолдан өтті. Алабота асыл тұқымды мал заводын тоқсаныншы жылдардың қиын кезеңінде қабылдап алып, қазақтың ақбас ірі қара малын сол кездің жекешелендіруінен, қолды болудан сақтап қалды. Шаруашылықты қиын кезеңде өркендетіп, берекелі де дәулетті елге айналдырды. Сол үшін алаботалықтар әлі күнге шейін Сансызбай Алпысбаевты хан көтереді десе де болғандай. Жалпы елге сыйлы бола білгендігін осы марапаттау кезінде ел адамдары сөз сөйлеп, толықтыра айтып өтті. Осы салтанатқа қатысқан Солтүстік Қазақстан облыстық Мәслихатының депутаты Сәуле Сұрағанова да елдің өсіп өркендеуінің қазіргі жайына тоқталып, еңбек ардагеріне құттықтау сөзін арнады.



Мен де Сансызбай Алпысбайұлымен бір елдің азаматы ретінде құттықтап, Сәкеңнің елге сіңірген, ел адамдарына жасаған жақсылықтары жайлы айттым. Құтты болсын Сәке! Жасай беріңіз!

Жабал ЕРҒАЛИЕВ,

қоғам қайраткері, журналист, «Парасат» орденінің иегері.

* * * * *

SOS БАТЫРМАСЫ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті бірыңғай құқық қолдану практикасы, белгіленген талаптар бұзылған жағдайларда жауаптылыққа тартудың ықтимал жағдайларының алдын алу мақсатында доңғалақты көлік құралдарының жекелеген түрлерінің айналымына қатысты мынадай жол берулер мен шектеулер туралы хабардар етеді:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында дайындалған айналысқа шығарылатын көлік құралдары (M_x, M_z, N_1, N_2 және N_3 санаттары) үшін, оның ішінде Қазақстан Республикасында шұғыл жедел қызметтерді шақыру құрылғысымен/жүйесімен (бұдан әрі - ШЖҚШҚ) жарақтандыру 2023 жылғы 31 қаңтарға дейін кейінге қалдыру берілді¹, кейіннен 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін жарақтандыру міндеттемесімен.


2) 2022 жылғы 15 сәуірден бастап Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының аумағында дайындалған немесе көрсетілген елдердің аумағында шетелдік әзірлеушілердің ресми өкілдері әкелген айналысқа шығарылатын көлік құралдары (M және N санаттарындағы) үшін кейіннен ШЖҚШҚ-ны қосымша жарақтандыру міндеттерінсіз, 2023 жылғы 1 ақпанға дейін ШЖҚШҚ-ны жарақтандыруға кейінге қалдырылды;

3) 2022 жылғы 2 шілдеден бастап Армения Республикасының, Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының аумағына өз мұқтаждары үшін (жеке тұлғалармен) әкелінетін айналысқа шығарылатын көлік құралдары (M және N санаттарындағы) үшін кейіннен ШЖҚШҚ-ны қосымша жарақтандыру міндеттерінсіз, 2023 жылғы 1 ақпанға дейін ШЖҚШҚ-ны жарақтандыруға кейінге қалдырылды.

Осылайша, Қазақстан Республикасына «кнопкасыз» автомобильдерді әкелуге шектеулер алынып тасталды.

ҚР СИМ Техникалық реттеу және метрология Комитетінің СҚО бойынша департаменті

СӘТ САПАР, ЖАС ТҮЛЕК – 2022!



Мектеп бітіруші түлектердің өміріндегі маңызды сәттердің бірі – Ұлттық бірыңғай тестілеу. 11 жылдық білім мен біліктің нәтижесін көретін бұл күннің маңызы талапкерлер үшін әрқашан жоғары. Қаңтар, наурыз, тамыз айларында тест тапсырған талапкерлердің ЖОО-ның тек ақылы бөліміне түсуіне мүмкіндігі бар. Ал мемлекеттік грант үшін мамыр мен шілде аралығында тапсырған тестілеу негізгі ҰБТ деп аталады.

ҰБТ 5 шілде күні аяқталды. Тайынша ауданы бойынша 258 түлектің ішінен 166 түлек ҰБТ-ға қатысты. Ұлттық тестілеу орталығы көрсеткен статистикаға сүйенсек, қазақ тілінде тест тапсырған талапкерлердің саны 61 ал орыс тілінде 105 түлек тапсырды. 14 оқушы шығармашылық мамандықты таңдады. Аудан бойынша орташа балл 67,7 құрады. Ең жоғары балл жинаған үштікті атап өтсек, Алтын белгі иегері Мироновка ОМ-нің түлегі Сулейменова Дильназ -118 балл, Рыжик Николай (Киров ОМ)-117 балл және Биллер Виктория (Большеизюм ОМ)-112 балл жинады.

Жалпы осы оқу жылында 9 түлек Алтын белгі иегері атанды. Олар: Орынбай Әсел Ақылбайқызы – Теңдік ОМ, Алданазар Ботагөз Рүстемқызы, Амангелді Нұрхат Ерланұлы, Қайролла Уәлихан Қайратұлы - Алабота ОМ, Ахметжанова Камила Амангильдықызы- Тайынша қ. 1 ОМ, Сулейменова Дильназ Түлегеновна – Мироновка ОМ, Иоаниди Павел Павлович - Тайынша қ. №2 ОМ, Серік Әлина Илиясқызы - Петровка ОМ, Тлеулес Ақбота Жасуланқызы - "Кеңес одағының батыры И.М.Бережной атындағы Келлер ОМ".

Енді 2022-2023 оқу жылы, яғни биылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысына тоқталсақ. Елімізде жоғары білімді кадрларды даярлауға арналған жалпы саны 73061 бакалавриат гранты бөлінген.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл ЖОО-лардағы гранттардың 60 пайызы техникалық мамандықтарға бөлінеді екен.

Сондай-ақ «Болашақ» бағдарламасы бойынша техникалық және IT мамандықтарға арналған гранттардың жалпы саны 36 пайыздан 60 пайызға дейін өседі.

ГРАНТҚА ТҮСУДІҢ БИЫЛҒЫ ШЕКТІК БАЛЫ ҚАНША?

Тестілеудің ең жоғары балл саны әдеттегідей – 140. Ал шығармашылық дайындықты талап ететін мамандықтарға түсуші талапкерлер үшін ең жоғары балл – 125 балл. Дегенмен грантқа түсу үшін ҰБТ-дан жинаған балдың республикалық конкурс деңгейіндегі балмен сәйкес келуі маңызды. Сол үшін биылғы шекті балдарға тоқталып өтсек.

Ұлттық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарына кемінде 65 балмен қабылданады. Ал «Педагогикалық ғылымдар» мен «Құқық» даярлау бағыты бойынша бекітілген балл саны 75-тен төмен емес. Сонымен қатар «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» білім беру салалары бойынша грантқа оқуға түсу үшін 60 балдан кем жинамау керек.

Ал басқа да жоғары оқу орындарына түсудің шекті деңгейі кемінде 50 балды құрайды. «Педагогикалық ғылымдар» саласында тегін негізде оқу үшін шекті балл 75-тен жоғары болу керек болса, «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету», яғни медицина саласы бойынша 70 балдан төмен болмау керек.

Сонымен қатар әр ЖОО-ның белгілейтін өз шекті балы барын да ескерген дұрыс. Ал бейінді пәндер білім беру бағдарламалары тобына байланысты таңдалады.

Өкінішке орай 23 түлек шекті балл жинай алмады, бірақ бұл түлектер қаңтар, наурыз айында болған ҰБТ сертификатымен ақылы түрде оқуға түсуге мүмкіндігі бар.

Мектеп түлектеріне тілейтінім алдағы таңдаған мамандық бойынша грант иегері атанып, өз болашақтарының іргетасын қалап, зор үмітпен тек алға қадам басуларыңызға тілектеспін.

Гүлнар ИГИБАЕВА,
аудандық Білім бөлімінің басшысы.

ANTI KOR: НЕГІЗСІЗ БАЮ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАРАСТЫРЫЛАДЫ

Парасаттылыққа (сатылмаушылыққа) тексеру институтын, қаржылық тергеу институтын (follow the money) енгізу, негізсіз баю үшін жауапкершілікті енгізу, параны үәде еткені/ұсынғаны үшін қылмыстық жауапкершілікті осы және басқа да новеллалар сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың 2022-2026 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде қолданысқа енгізілетін болады.

Осы тақырыпты Мағжан Жұмабаев ауданының мемлекеттік қызметшілері, квазимемлекеттік секторы және бизнес өкілдері, аудан жұртшылығы үшін СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин түсіндірді.

Ол негізсіз баю үшін жауапкершілік институты сыбайлас жемқорлықты «тиімсіз» етеді деп атап өтті. Ол жалпыға бірдей декларациялаудың басталған процесінің қисынды жалғасы болады және заңсыз жиналған қаражатты пайдалану мүмкіндігін барынша азайтады.

Спикердің айтуынша, ЭЫДҰ мен ГРЕКО ұсынымдары бойынша пара беру үәдесі мен ұсынысын криминализациялау шаралары қарастырылған.

«Тұрмыстық» сыбайлас жемқорлықты жою тұрғысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке осы қылмыстар бойынша тергеушілік анықтай отырып, бюджеттік, сондай-ақ мемлекеттік емес ұйымдар қызметкерлерінің заңсыз сыйақы бопсалағаны үшін жауапкершілікті қатаңдату ұсынылады (ҚК 247-бабы), - деп атап өтті Жахин.

Сөз сөйлеу барысында Антикор қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріндегі қоғамдық кеңестердің рөлін атап өтті. Бүгінгі күні сыртқы және ішкі талдау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу барысында азаматтық қоғам өкілдерінің мемлекеттік органдармен тығыз өзара іс-қимылын орнату қажет.

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы Нұржан Күкляның айтуынша, 1-ші жартыжылдықта төрт отырыс өткізіліп, 2021 жылғы мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен қоғамдық мониторинг нәтижелері бойынша 11 ұсыным берілді.

Іс-шара соңында мемлекеттік қызметшілерге сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту, сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлағаны үшін көтермелеу жүйесі туралы еске салынды.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті

* * * * *

ФОРМАЛИЗМ БОЛМАУЫ ТИІС

Бұл месседж Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы әкімдігінің жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысының басты тақырыбы болды.

Аудандық ВАК отырысы алғаш рет Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшылығының қатысуымен өтті. Оған қатысқан Департамент басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу жұмыстарын күшейтуге және аудандық ВАК жұмысының тиімділігін арттыруға назар аударды.

Отырысқа ұшымәселешығарылды. Олар: ауыл шаруашылығы саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы, ауылдық жерлерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы, 2022 жылдың 1 жартыжылдығында Мамлют ауданы әкімдігінің жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ВАК отырысына шығарылған ұсынымдардың орындалу нәтижелері туралы.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ВАК хаттамалық ұсынымдарын орындау мониторингінің нәтижелері бойынша комиссия 10 ұсыным бергені байқалады. Алайда, кейбір мемлекеттік органдардың басшылары, соның ішінде ауылдық округтердің әкімдері оларға берілген тапсырмалардың орындалуы бойынша толық ақпарат берген жоқ», - деп атап өтті аудан әкімі аппаратының басшысы Ғабит Мүсірепов.

Аппарат басшысы Новомихайлов ауылдық округінің әкімі орындалуы туралы жалпы мәлімет жолдады, ал нақты орындау әрекеттерін көрсетпеген деді.

Нұрлан Жахин бұл мәселе бойынша тағы да жиналғандарға басшылардың жауапкершілігі мен ҚР ӘҚБтК-нің 680-бабының «мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдамауы жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» деген нормасын еске салды.

Комиссия отырысынан кейін аудан активімен кездесуде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының бірінші орынбасары 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасында айтылған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы хабардар етті.

«Бірқатар шаралар жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге бағытталған. Жаңашылдықтардың ішінде – сыбайлас жемқорлыққа тұрақтылықты тестілеуді енгізу, бұл жосықсыз қызметшілерді уақтылы анықтауға және жұмыстан босатуға, олардың сыбайлас жемқорлық әрекеттерінен қоғамға зиян келтіруіне жол бермейді. Ол үшін мемлекеттік органдардың басшыларына осындай тексерулерге өз бетінше бастамашылық жасау құқығы берілетін болады», - деді Нұрлан Жахин.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті

АППЕЛЯЦИЯЛЫҚ АЛҚА ПЕТРОПАВЛДАҒЫ ЖЫЛУ ЫСЫРАПТАРЫ БОЙЫНША ІСКЕ НҮКТЕ ҚОЙДЫ

Бұдан бұрын хабарланғандай, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне 2021 жылғы қарашадан бастап теңгерімдік тиесілік шекарасында орналасқан есепке алу аспаптары бар Петропавл қаласының азаматтарынан жылу ысыраптары үшін "Севказэнергосбыт" ЖШС есептеу заңдылығы мәселесі бойынша өтініштер келіп түсті.

Департамент өз тарапынан тұтынушылардың құқықтарын қорғау үшін Солтүстік Қазақстан облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап арыз берді.

Іске қатысатын прокурор, өз кезегінде, Департаменттің талап-арыз талаптарын толық көлемде қанағаттандыру туралы қорытынды берді, онда тарифтік ведомство жылу энергиясы ысырабының есебін жарамсыз деп тануды, есептеулер жүргізуді тоқтатуды және 2020-2021 жылдары Петропавл халқына қайта есептеу жүргізуді талап етті.

Процеске үшінші тұлғалар ретінде реттелетін қызметтердің тұтынушылары, Энергетика министрлігі, ҚР ИИДМ Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің, Петропавл қаласы әкімдігінің, "Петропавл Жылу Желілері" ЖШС өкілдері, сондай-ақ сот мамандар ретінде тартқан тұлғалар қатысты.

Мәселен, 2022 жылғы 25 сәуірде сот өз қолданысын тоқтатқан әдістеме негізінде жүргізілген жылу энергиясымен жабдықтауға 2007 жылғы 31 желтоқсаннан кейін жасалған шарттарға қосымшада көзделген жылу

энергиясы ысырабының есептерін жарамсыз деп тани отырып, Департаменттің талап-арызын ішінара қанағаттандырды.

Сондай-ақ, сот, мерзімі 1 ай аралығында сот шешімі күшіне енгеннен кейін, "Севказэнергосбыт" ЖШС-нің тұтынушылардың теңгеріміндегі желілер бойынша жылу шығындары үшін есептеулер жүргізу жөніндегі әрекеттерін заңсыз деп таныды және "Севказэнергосбыт" ЖШС-не 2020-2021 жылдар кезеңінде жылу шығындары үшін есептелген соманы төлеген жағдайда, есептеу жұмыстарын тоқтатуды және тұтынушыларға қайта есептеу жүргізуді міндеттеді.

Бұл ретте, сот, тұтынушының жылу ысыраптарын төлеу міндеті көзделген «Севказэнергосбыт» ЖШС-ның тұтынушылармен жасасқан жылу энергиясымен жабдықтау шарттарының талаптарын жарамсыз деп тану туралы Департаменттің талабынан бас тартты.

Соттың бұл шешіміне Департаментпен және табиғи монополиялар субъектілерімен ("Севказэнергосбыт" ЖШС және "Петропавл Жылу Желілері" ЖШС) апелляциялық шағымдар берілді.

2022 жылғы 29 маусымда Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы бірінші сатыдағы соттың шешімін өзгеріссіз, апелляциялық шағымды қанағаттандырусыз қалдырды.

ЕЛІМІЗДІҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНЕ БИЫЛ 30 ЖЫЛ ТОЛДЫ



Қазақстандықтар 7 мамыр Отан қорғаушы күнін ерекше атап өтті. Тәуелсіз Қазақстанның Қарулы күштері тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен 1992 жылы 7 мамырда құрылды. Ал 2012 жылы бұл дата мемлекеттік мәртебе иеленді. Жыл сайын мемлекет басшысы мереке қарсаңында әскерилер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін марапаттайды. Бұл дәстүр биыл да үзілген жоқ. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендерді табыстады. Қазақстан Қарулы күштерінің құрылғанына 30 жыл толу құрметіне ардагерлерге де зор құрмет көрсетілді. Осы кезеңде әскеріміз айбынды армияға айналды. Қырағы жауынгерлеріміз ел шебін қас қақпай күзетіп тұр. Олар мемлекеттігімізді нығайтуға зор еңбек сіңіруде. Қарулы күштеріміз – Тәуелсіздіктің мызғымас тұғыры, елдіктің берік қалқаны. Биылғы мерейлі жылды Тайынша ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің қызметкерлері, бөлім бастығы, подполковник Әділ Мұхамбетовтың басшылығымен мереке күнін жақсы көрсеткіштермен қарсы алды. Осы салада еңбек майданында жүрген әскери қызметкерлерге барлық жағдайлар жасалған. Сонымен қатар, осы салада еңбек атқарған ардагерлер де ескерусіз қалған емес. Өткен аптада осы әскери комиссариат бөлімінде кездесу өтті. 30 жылдық арналған мерекелік медальдар еңбек ардагерлері мен бүгінгі таңда еңбек атқарып жүрген азаматтарға табыс етілді. Олар: К.Г.Рожнов, М.Г.Гусев, В.А.Кулинка.

Жанаргүл Маратқызы, тілші.

ҚҰЫҚТЫҚ СТАТИСТИКАДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

2020 жылғы қазанда және 2021 жылғы сәуірде Мемлекеттік қызмет тізіліміне өзгерістер енгізілді, атап айтқанда тізілімнен 9 мемлекеттік қызмет алынды, соның бірі ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті көрсететін мемлекеттік қызмет - «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы мәлімет беру» анықтамасы болып табылады.

Мемлекеттік қызмет оны толық автоматтандыруға және порталдағы «жеке кабинет» арқылы ұсынуға байланысты тізілімнен шығарылды. Бұл процесстің автоматтандырылуы азаматтардың Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында, «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес екендігін көрсетеміз. Сонымен қатар, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған. Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің <http://qamqog.gov.kz> сайтынан, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып алуға болады. «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде көрсетіледі. Архивтік анықтама алу үшін қызмет алушы портал және Мемлекеттік корпорация баламасы арқылы туыстығын растайтын құжаттардың көшірмесін қоса сала отырып, өтініш береді, қажет болған жағдайда оны апостильмен бірге композитті түрде ала алады. Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Қызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы өздері ала алады.

ҚСЖАЕК СҚО ҚР БП бойынша басқармасы



07161600 «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»
Біліктілігі:
Зв07161601 «Слесарь-жөндеуші»
Зв07161602 «Ауыл шаруашылығы техникасын жөндеу шебері»
Зв07161603 «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторшы-машинисі»

Байланыс мәліметтер:
мекен-жайымыз: Тайынша қ. Қазақстан Конституциясы көшесі, 26/1
тел: 8 (715-36) 23-0-90,
8 (715-36) 23-0-97
e-mail: Prof.lice@mail.ru
ресми сайты:
<http://college-tsh.sko.kz>

Біздің колледж өзіне сенімді, адамдар үшін, жетістікке жетуді қалайтындар үшін, жерде өз ізін қалдыратындар үшін!

9 сынып негізінде



07320100 «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану»
Біліктілігі:
Зв07320104 "кең бейінді құрылыс шебері"
ӨЗв07161605 "Әрлеу құрылыс жұмыстарының шебері"



10130300 «Тамақтандыруды ұйымдастыру»
Біліктілігі:
Зв10130301 «Кондитер-декоратор»
Зв10130302 «Аспазшы»

Тайынша агробизнес колледжі



«Тайынша агробизнес колледжі» КММ
Сіздерді оқуға шақырады!

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НУРАЛИНА



Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Талсырыс 224. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:

8 (715 36) 23-8-51

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.